

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 1 желтоқсандағы
№ДС-465 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Мүгедектігі бар адамдарға оңалту құралдарымен қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Елімізде протез жасайтын протезист мамандарын дайындауға қатысты

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі бағыттарының бірі мүгедектігі бар адамдарды оңалту мен оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде техникалық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні, мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, әлеуметтік қызметтер порталында протездік-ортопедиялық құралдардың белгілі бір түрлерін жасайтын жеткізушілер болмаған жағдайда немесе жеке таңдауды, күрделі протездеуді талап еткен кезде, жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік сатып алу рәсімдері арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда республика бойынша протездік-ортопедиялық қызметтерді 6 протездік орталық көрсетеді (1 – мемлекеттік, 5 – жеке-меншік).

Соңғы үш жылда 200 мыңға жуық мүгедектігі бар азаматтар протездермен қамтамасыз етілді, оған 9,9 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді (2021 жылы – 2,1 млрд.тг., 2022 жылы – 3,5 млрд.тг., 2023 жылға – 4,3 млрд.тг. жоспарланды).

Бұдан басқа, мүгедектігі бар адамдарды жаңа технологиядағы, атипті протездермен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» (бұдан әрі – Орталық) мемлекеттік тапсырыс негізінде қамтамасыз етеді.

Жалпы протездік-ортопедиялық құралдармен (қол, иық, білек, қол басының, аяқ, жамбас, жілініш, шиналы-былғары сол жақ жілініш, табан, кеуде (сүт) протездері, ортопедиялық аппараттар, балдақ, таяқ, жетек арбалар, корсет, реклинатор, басұстағыш, бандаж, емдік белбеулер, балалардың профилактикалық шалбары, ортопедиялық аяқкіім, қосымша құрылғылар, аппаратқа (протезге) арналған аяқкіім, құрылғылар) қамтамасыз ету бойынша оңалтудың жеке бағдарламасының қазіргі кезде орындалуы – 85%-ға жетіп отыр (2021 жылы – 78,9 %, 2022 жылы – 81,3 %).

Бұған қоса, 134 мүгедектігі бар азаматтар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы бионикалық протездермен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда протезист мамандарды даярлау елімізде өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақстанда Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті «медициналық инжиниринг» және «биомедициналық инженерия» мамандары бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асырып отыр.

Онда «ортопедиялық биомеханика» бойынша ортопедиялық жүйенің ауытқулары, ақаулары мен деформацияларын емдеудің алдын алу, диагностика және ортопедиялық әдістерді терең меңгеру қарастырылған.

Қазіргі таңда аталған мамандық бойынша 197 студент білім алуда (*бакалавриат – 163, магистратура – 16, докторантура – 18 адам*).

Жалпы әлемдік тәжірибеге сәйкес протездік-ортопедиялық қызмет көрсетуді қысқа мерзімді курстарды өткен сәйкес сертификаты бар мамандар жүргізеді. Қазіргі таңда Қазақстандық протезисттер мамандықты толық меңгеру мақсатында оқу курстарын шетелдік мамандардан алып отыр (*елдегі семинарларға қатысуымен немесе басқа елдерге шығып оқу арқылы*).

Елімізде бұл мәселені жүйелі жолға қою мақсатында жоғарыда аталған Орталық аясында әлеуметтік салаға қажетті мамандарды оқыту, жүйенің ғылыми және кадрлық әлеуетін арттыруды қамтамасыз ету үшін сәйкес Оқу орталығын ашу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, 2024 жылы мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету бойынша жаңа Ұлттық стандарты әзірленетін болады. Ұлттық стандарт протездік-ортопедиялық көмекті ұйымдастыру, халықтың өмірі мен денсаулығы үшін көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін және медициналық көрсеткіштерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Бұған қоса, қазіргі уақытта протездік-ортопедиялық қызмет көрсетуші мамандар үшін арнайы кәсіби біліктілік стандартының жобасы әзірленіп, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органмен келісу процесі жүргізілетін болады.

Елімізде мүгедектегі бар адамдар үшін коляска жасауға қатысты

2020 жылға дейін кресло-арбалармен қамтамасыз етуді уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу рәсімдері арқылы жүзеге асырған болатын.

Мүгедектігі бар адамдардың өз таңдауымен алу мүмкіндігін енгізу жөніндегі өтініштері негізінде бұл сала бәсекелестік ортаға берілді.

Қазіргі таңда кресло-арбаларды сатушылар порталға өз ұсыныстарын беріп, мүгедектігі бар адамдар өздері сапасы мен бағасына қарай таңдап алады. Нәтижесінде 2023 жылы кресло-арбалармен 16691 адам қамтылды.

Кресло-арбаларды елімізде жасау мақсатында әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді Жоспары қабылданды.

Қазіргі таңда кресло-арбалармен қамтамасыз ету саласында қызмет көрсетіп жүрген кәсіпкерлер шетелдік өндіретін кәсіпорындармен келіссөздер жүргізіп, Қазақстанда өндіріс ашу мүмкіндіктерін қарастыруда.

Бұдан басқа, елімізде мүгедектігі бар адамдарға кресло-арбаларды жасау индустриясын дамыту үшін Otto Bock HealthCare Gmb компаниясымен қарым-қатынастар туралы меморандумға қол қойылғанын атап кетеміз.

Осыған орай, жоғарыда аталған Орталық базасында неміс өндірушілермен протездік-ортопедиялық құралдарды, сонымен бірге кресло-арбаларды әзірлеу технологиясын зерделеп, семинар мен тәжірибемін алмасу кездесулері, мамандарды оқыту жоспарланып отыр.

Депутаттық сауалда көрсетілген кресло-арба шығаратын компаниямен да келіссөз жүргізу бойынша уәкілетті органға тапсырма берілді.

Қала орталықтарында инважөндеу орталықтарын ашуға қатысты

Кресло-арбаларды жөндеу жұмыстарын әкімдіктер жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асырады.

Осылайша, 10 өңірде кресло-арбаларды жөндеу жұмыстары қолға алынған (*Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Жетісу, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар облыстары және Алматы, Астана қалалары*).

2024 жылы жөндеу жұмыстарын Абай мен Қарағанды облыстары іске қосуды жоспарлап отыр.

Ал қалған өңірлерде (*Алматы, Атырау, Ұлытау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында*) осы мәселені назарға ала отырып, жоғарыда аталған Орталықта кресло-арбаларды жөндеу жұмыстарын жүйелі жолға қою мәселесі пысықталуда.

Қолданыстағы мүгедектікті растау жөніндегі бұйрыққа өзгерістер енгізуге қатысты

Мүгедектікті белгілеу Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына¹ сәйкес жүргізіледі. Қағида шарттары халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген. Онда адамның негізгі функцияларының бұзылуы және тіршілік әрекетінің шектеулері негізге алынады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қолдың шынтак буынының және одан жоғары деңгейінде ампутациясы кезінде, жоғары технологиялық (функционалдық) протездермен протездеу мүмкін болмаған жағдайда, мүгедектіктің екінші тобын белгілеу мәселесі қарастырылып жатқанын хабарлаймыз.

Көтеріп отырған мәселелерді медицина саласының мамандары және Сіздердің қатысуларыңызбен Үйлестіру кеңесінде талқылау туралы Министрлікке тапсырма берілді.

Мәселе уәкілетті орган мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Т. Дүйсенова

¹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы